




*ӘМІР
РАҚЫШ
СӘТҰЛЫ*



Inipof-

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА

**ӘМІР
РАҚЫШ СӘТҰЛЫ**

Биобиблиографиялық көрсеткіш

Алматы
"Қазақ университеті"
2005

Жауапты редактор:
Б. Қалиев

Құрастырушылар:
**Ж. Әмірова, Б. Момынова, Н. Әміреев,
Ж. Дәулетбекова, Ә.Ж. Скатова**

Редакторлар:
Д.Т. Нұрғалиева, Қ. Әбдесұлы

Әмір Рақыш Сәтұлы: биобиблиографиялық көрсеткіш /
кұраст.: [Ж.Әмірова және т.б.]; жауапты ред. Б. Қалиев. –
Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 58 б.

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ.АЛЬ-ФАРАБИ

НАУЧНАЯ БИБЛИОТЕКА

**АМИР
РАХЫШ САТУЛЫ**

Биобиблиографический указатель

Алматы
"Қазақ университеті"
2005

Ответственный редактор:
Б. Калиев

Составители:
**Ж. Амирова, Б. Момынова, Н. Амреев,
Ж. Даулетбекова, А.Ж. Скатова**

Редакторы:
Д.Т. Нургалиева, К. Абдезулы

Амир Рахыш Сатулы: биобиблиографический указатель /
сост.: [Ж. Амирова и др.]; отв. ред. Б. Калиев. – Алматы: Қазақ
университеті, 2005. – 58 с.

АЛҒЫ СӨЗ

Көрсеткіш әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ғалымдарының биобиблиографиясы сериясының жалғасы.

Ұсынылып отырған көрсеткіш әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қазақ филология кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы Әмір Рақыш Сәтұлына арналған.

Биобиблиография Р.С.Әмірдің алпыс жылдан астам еңбек және шығармашылық жолын қамтиды.

Р.С.Әмірдің баспа бетін көрген еңбектері толық қамтылып, шыққан мерзіміне сай тәртіппен жарияланып отыр. Мұнымен бірге өмірін, шығармашылық жолын бейнелейтін мәліметтер берілді.

Жарияланған еңбектер әрбір жыл көлемінде мерзімдікк тәртіппен орналасқан: әуелі қазақша, одан кейін орыс тілінде

Қарауға мүмкіншілік болмаған мақалалар «de visu» жұлдызымен белгіленген.

Еңбектердің алфавиттік және бірлесіп жазған авторлардың есім көрсеткіштерінде сілтемелер хронологиялық көрсеткіштегі еңбектердің рет саны бойынша берілген.

ПРЕДИСЛОВИЕ

Предлагаемый указатель трудов является продолжением серии биобиблиографий ученых Казахского национального университета им. аль-Фараби.

Биобиблиография посвящена профессору кафедры казахской филологии, доктору филологических наук Амиру Рахышу Сатулы.

Биобиблиография отражает более чем шестидесятилетнюю трудовую, научную и общественную деятельность Р.С.Амира. Публикации расположены в хронологическом порядке, в пределах каждого года по алфавиту: сначала идут работы, опубликованные на казахском языке, затем на русском.

Статьи, которые не удалось просмотреть «de visu» отмечены звездочкой.

В алфавитном указателе трудов и именном указателе соавторов ссылки даются на порядковые номера работ, помещенных в хронологическом указателе трудов.

**Филология ғылымдарының докторы, профессор
Р.С. Әмірдің
өмірі мен ғылыми қызметінің негізгі кезеңдері**

Әмір Рақыш Сәтұлы 1930 жылы 9 қаңтарда Жамбыл облысының Жамбыл ауданында, Жетітөбе аулында туды.

1937-1943 жж. - мектепте оқыды.

1943-1946 жж. - Тараз қаласындағы педучилищеде оқыды.

1945 ж. – Қазақстан комсомол ұйымына мүше болды.

1946-1951 жж. - әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетінде қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша оқыды.

1946-1948 жж. – Комсомолдың курстық ұйымының секретары болып қоғамдық қызмет атқарды.

1949-1951 жж. – Филология факультеті комсомол ұйымының секретары болып қызмет атқарды.

1951-1954 жж. - әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аспирантурасында қазақ тілі мамандығы бойынша оқыды.

1954-1955 жж. – Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Молотов аулында орта мектеп мұғалімі болып істеді.

1955 ж. – Филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін диссертация қорғады.

1955-1957 жж. – Қазақ ССР Оқу министрлігі Педагогика ғылымдары ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері болып істеді.

1957-1961 жж. – Қазақ ССР Оқу министрлігі Педагогика ғылымдары ғылыми-зерттеу институтында бастауыш мектеп секторының меңгерушісі болып істеді.

1958-1961 жж. – Қазақ ССР Оқу министрлігі Педагогика ғылымдары ғылыми-зерттеу институты коммунистік партия ұйымының секретары болды.

1960 ж. – «Халық ағарту ісінің озық қызметкері» значогімен марапатталды.

1962 ж. – Ташкенде өткен ұлт мектептерінде орыс тілін оқытуды жақсарту жөніндегі одақтық конференцияда баяндама жасады.

1961-1964 жж. – Қазақ ССР Оқу министрлігі Педагогика

ғылымдары ғылыми-зерттеу институтында директордың орынбасары болып істеді.

1964-1975 жж. – Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының аға ғылыми қызметкері болып істеді.

1966-1968 жж. – Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтында кәсіподақ ұйымының төрағасы болды.

1968-1972 жж. – Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының партия ұйымы секретары болды.

1972 ж. – Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғады.

1975-1979 жж. – С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі болды.

1976-1979 жж. – Осы университеттің филология факультетінің деканы болды.

1979-1987 жж. – Алматы шет ел тілдері педагогтік институтының ректоры болды.

1980 ж. – Профессор атағын алды.

1980-1987 жж. – осы институтта жалпы тіл білімі кафедрасының меңгерушісі болды.

1980 ж. – Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Құрмет грамотасымен марапатталды.

1980 ж. – Қазақ ССР Жоғары және орта білім министрлігінің, халық ағарту, жоғары мектеп және ғылыми мекемелер қызметкерлері кәсіподағы республикалық комитетінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

1980 ж. – Қазақ ССР Оқу министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

1980 ж. – Ташкенде өткен Одақтық түркологиялық конференцияда баяндама жасады.

1981 ж. – «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды.

1982 ж. – Жоғары оқу орындары қызметкерлерінің бүкіл-одақтық мәжілісіне қатысты.

1983-1987 жж. – Алматы қаласы халық депутаттары советінің депутаты болды.

1983-1987 жж. – Алматы қаласы Совет ауданы компартия ұйымы пленумының мүшесі болды.

1985 ж. – Алматыда өткен Одақтық түркологиялық конфе-

рeнцияда баяндама жасады.

1987-1988 жж. – Алматы шет ел тілдері педагогтік институтының жалпы тіл білімі кафедрасында профессор болып істеді.

1988-1991 жж. – Педагогика ғылымдары ғылыми-зерттеу институтында аға ғылыми қызметкер, бас ғылыми қызметкер, қазақ тілі мен әдебиеті методикасы бөлімінің меңгерушісі болды.

1991 ж. – Қазақ ССР Оқу министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

1992 жылдан Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қазақ филология кафедрасының профессоры.

1993 ж. – Алматыда өткен «Нарықтық экономика және жоғары білім» атты халықаралық конференцияда баяндама жасады.

1995-1998 жж. – Жоғары оқу орындары мұғалімдерінің біліктілігін арттыру институтында лекция оқыды.

1999 ж. - Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін беру жөніндегі диссертациялық кеңестің төрағасы

**Основные даты жизни и научной деятельности доктора
филологических наук, профессора
Р.С.Амира**

Амир Рахыш Сатулы родился 9 января 1930 года в ауле Жетитобе (ныне Аса) Жамбулского района Жамбулской области.

В 1937-1943 гг. – учился в школе.

1943-1946 гг. – учащийся педучилища в г. Джамбуле.

С 1945 гг. – учился в Казахском государственном университете им. С.М.Кирова на филологическом факультете по специальности «Казахский язык и литература».

1946-1948 гг. – выполнял общественную работу секретаря комсомольской организации курса.

1949-1951 гг. – являлся секретарем комсомольской организации филологического факультета.

1951-1954 гг. – учился в аспирантуре КазГУ им. С.М.Кирова по специальности «Казахский язык».

1954-1955 гг. – работал учителем средней школы в с. Молодово Жамбулского района Жамбулской области.

1955 г. – защитил диссертацию на соискание ученой степени кандидата филологических наук.

1955-1957 гг. – старший научный сотрудник научно-исследовательского института педагогических наук министерства просвещения КазССР.

1957-1961 гг. – зав. сектором начальных классов НИИ педагогических наук Министерства просвещения КазССР.

1958-1961 гг. – секретарь парторганизации НИИ педнаук Минпроса КазССР.

1960 г. – награжден знаком «Отличник народного образования КазССР».

1962 г. – выступил с докладом на Всесоюзной конференции в г. Ташкенте по проблемам преподавания русского языка в национальной школе.

1964-1974 гг. – старший научный сотрудник Института языкознания Академии наук КазССР.

1964-1966 гг. – председатель профкома Института языкознания АН КазССР.

1968-1972 гг. – секретарь парторганизации Института языкознания АН КазССР.

1972 г. – защитил диссертацию на соискание ученой степени доктора филологических наук.

1975-1979 гг. – зав.кафедрой казахского языка, декан филологического факультета Казахского государственного университета им. С.М. Кирова.

1979-1987 гг. – ректор Алма-Атинского педагогического института иностранных языков (АПИИЯ).

1980 г. – получил звание профессора.

1980-1987 гг. – зав.кафедрой общего языкознания АПИИЯ.

1980 г. – награжден Почетной грамотой президиума Верховного Совета КазССР.

1987-1988 гг. – работал профессором кафедры общего языкознания АПИИЯ.

1980 г. – награжден Почетной грамотой Министерства просвещения КазССР.

1981 г. – награжден орденом «Знак почета».

1980 г. – выступил с докладом на Всесоюзной тюркологической конференции.

1980 г. – награжден Почетной грамотой Республиканского комитета профсоюза работников высшего и среднего специального образования КазССР.

1983-1987 гг. – депутат Алматинского городского Совета народных депутатов.

1983-1987 гг. – член Пленума Советского райкома партии г. Алма-Аты.

1985 г. – выступил с докладом на Всесоюзной тюркологической конференции в г. Алма-Ате.

1988-1992 гг. – работал в НИИ педагогических наук, старший научный сотрудник, главный научный сотрудник, зав.отделом методики преподавания казахского языка и литературы.

1991 г. – награжден Почетной грамотой министерства народного образования КазССР за активное участие в Республиканской олимпиаде школьников.

1991 г. – награжден Почетной грамотой за активное участие в XXV Республиканских педагогических чтениях.

1992 г. – по настоящее время – профессор кафедры казахской

филологии Казахского национального университета имени аль-Фараби.

1993-1998 г. – член экспертной комиссии Высшей аттестационной комиссии.

1993 г. – выступил с докладом на Международной научной конференции «Рыночная экономика и высшее образование» в г. Алматы.

1995-1998 гг. – читал лекции в Институте повышения квалификации преподавателей высшей школы.

1999 г. – председатель Совета по защите кандидатских и докторских диссертаций при КазНУ им. аль-Фараби, член совета по защите докторских диссертаций при Институте языкознания Академии наук РК, председатель учебно-методического Совета при Академии образования РК.

Филология ғылымдарының докторы, профессор
Рақыш Сәтұлы Әмірдің
ғылыми және қоғамдық қызметінің қысқаша очеркі

Әмір Рақыш Сәтұлы 1930 жылы 9 қаңтарда Жамбыл облысының Жамбыл ауданы Жетітөбе (қазір Аса деп аталады) аулында туды. Әкесі Сәт – мұғалім, шешесі Мінәсіп үй шаруасындағы кісі болған.

Жетітөбе бір жағынан Талас өзені, бір жағынан Аса өзені ағып өтетін, қамысты өзекектері көп жайлы ауыл еді. Жетітөбесі қарттармен бірге әр заманның куәгеріндей сыр шертіп тұратын. Жердің жайлылығы, елдің бауырластығы қиын-қиын кезеңдерден Рақыштың қиналмай өтуіне, кісілік тәрбие алуына себеп болды.

Әкесі Сәт 1920-30 жылдары мектеп ашу, жетім балалар үйін ұйымдастыру жұмыстарымен Әулиеата өңірінің әр жерінде қызмет атқарды. Сол көші-қоңмен Рақыш та туған жерін, өлкесін, оның көркін көріп, жер танып, ел танып өсті. Сәт өзі ерте жетім қалып, революциядан бұрынғы орыс-қазақ мектебінде оқып, Шымкенттегі педтехникумды бітіріп, еті тірілігінен білімге қолы жеткен, әкеден жалғыз болып, бұның да ауырлығын сезген адам еді. Содан болар ол Рақыштың тәрбиесіне, оқуына қатты көңіл қойып жүрді. Бірақ 1942 жылы әскерге алынып, Отан соғысынан қайтпады. Сәт мектептің кітапханасына түскен жаңа кітаптармен баласын ылғи таныстырып тұратын. «Қазақ ертегілері», «Көксерек», «Бекболат», «Борьба за огонь», «Юный» бур Трансваалы», «Мазай атай мен оның қояндары», т.б. сол кездегі оқылған кітаптардың сарыны әлі де Раханның есінде, жүрегіннің түбінде.

Рақыш Сәтұлы оқуды Жамбыл қаласында бастап, Отан соғысы жылдары оны туған ауылында жалғастырды, басқа балалар сияқты колхоздың әлі келетін жұмысына араласты, еңбектің арқасында ерте шынықты. Сол кездегі ел күйі, мұңы, ерлігі, қайсарлығы ғалым аға көкірегінде сурет болып басылған, көңілінде жүр.

Жеңгелердің «Аттан түсіп су іштім, неге түсіп, неге іштім, сен есіме түскенде, сағынамын сарғайып» деп жарын күткен мұңды әндерінің шырқау үні әлі де құлақтан кеткен жоқ.

Рақыш Әмірді 1943 жылы жездесі Әмірбек Батырбеков Жамбыл қаласындағы педучилищеге оқуға түсірді. Оқуды желтоқсанда басталып, егіс бастала тоқтап қалатын ауыл мектебі сияқты емес, педучилищеде оқу жүйеге түскен, мұғалімдері де облыс таныған мамандар болатын. Әсіресе тарих пәнін оқытатын Юсупов деген кісінің өнегесі күшті болды. Педучилищеден Әмір Рақыш үздік аттестат алып, 1946 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне емтихансыз алынды. Сол жылы оқуға түскендер Жеңістің қуанышымен көңілдері көтерілген, оқуға деген сағынышпен, құлшыныспен келген жастар еді.

Қазақ халқы Отан соғысында зор абыройға жетті. И. Эренбургтің «Казахи» деген мақаласы «Правда» бетінде жарияланды, А. Бектің «Волоколамское шоссе» дейтін кітабы шықты, М. Әуезовтің «Абай» романы жарық көрді. Осының бәрі халықтың рухани күшін, табандылығын сездіріп, әр жасқа жігер беріп, қиялын шалқытты. Рақыш жоғарғы оқу орнындағы оқуын осындай хал-күйді басынан кешіріп бастады.

Студенттік өмір мәнді, қызықты өтті. Рақыш Әмір озат оқыды, қоғам жұмысына мол араласты: комсомолдың курстық, факультеттік ұйымының хатшысы болды. Филология факультетінде қазақтың ұлттық мәдениетінің М. Әуезов, А. Жұбанов, І. Кеңесбаев, Н. Сауранбаев, М. Балақаев сынды ірі тұлғалары дәріс оқушы еді. Бір жылдары космополиттер деген атақ тағылып, Мәскеуден қуылған ірі әдебиетшілер де сабақ берді. Солардың ішінен Батыс Еуропа әдебиетінің мамандары Блюменфельд, Фридман деген оқытушылар ерекше есінде қалды. Осы кісілердің білімпаздығы, елінің қамын жеген азаматтық кейпі, жүріс-тұрысы – тәрбиенің зоры еді.

Р. Әмір: «Тілші мамандығын қалауыма Ыбырайым Есенкүлұлы Мамановтың ықпалы себеп болды», - дейді. Ы. Маманов – студенттермен қоян-қолтық араласып жүретін көпшіл, өте білімді, мейірімді кісі еді. Ол кісі І-курстан бастап курс жұысы ретінде тақырып беріп, үйінен сирек ұшырайтын ғылыми кітаптарды әкеп беріп, таныстырып, тіл біліміне қызықтырды.

Осындай жағдайлар өсерімен Рақыш Әмір университетті үздік дипломмен бітірді, қазақ тілі мамандығы бойынша аспирантураға қалдырылды. Бұған да жебеу болған Ы. Маманов еді.

Қазақ мемлекеттік университетіне түсіп, М. Әуезов, І. Кеңесбаев, Н. Сауранбаев, М. Балақаев, Ы. Маманов, Блюменфельд, Үшаяқов, Е. Исмайылов сияқты жарқын жандардың шәкірті болғанын Әмір Рақыш тағдыр берген зор сыйлық деп есептейді. Осы жылдары өмірдің берген тағы бір сыйы келешекте жұбайлы болған Сара Мырқасым қызы Серікбаевамен кездесуі еді.

Р.С. Әмір «Қазақ тіліндегі жалғаулықтар» деген тақырыпта диссертация жазып, қорғап, 1955-жылы филология ғылымдарының кандидаты деген ғылыми дәрежеге ие болды. Жетекшілік еткен білікті маман, жұртқа танымал М.Б. Балақаев еді.

Р. Әмір семья жағдайымен аспирантураның соңғы жылын тастап, ауылына барып, мектепте мұғалім болып істеді. Диссертацияны сол ауылда жүріп бітіріп, қорғауға ұсынды. Диссертация кейін монография болып басылып шықты. Зерттеудің едәуір жаңалықтары болып жалғаулық деп аталатын сөздердің шығу тарихы, қызметінің ерекшеліктері көрсетілді, сол арқылы құрмалас сөйлемдердің семантикасының айқындала түсуіне жол ашып берді.

Ал мектепте бір жыл болса да істеп, тәжірибе алғаны Әмір Рақыштың кейінгі еңбек жолында көп кәдеге жарады.

Диссертацияны Р. Әмір Қазақ мемлекеттік университетінің жанындағы диссертациялық кеңесте қорғады. Кеңес жұмысында үзіліс жарияланған кезде А. Ысқақов Әмір Рақышты Қазақ ССР Оқу министрлігі жанындағы Педагогикалық ғылымдар ғылыми-зерттеу институтына жұмысқа шақырды. А. Ысқақов осы институттың директоры екен. Ол Оқу министрінің орынбасары Ә. Шәріповке жолықтырып, жұмысқа алуға бұйрық шығарып, КЗОТ ережесі бойынша қыруар қаражат беріп, жол ақысын төлеп берді, сөйтіп Р. Әмір үй-баранымен зор құрмет көрді, маман ретінде таныла бастады.

Ал А. Ысқақов қолынан іс келеді деген қазақ баласынан көмегін аямайтын адам болып шықты. Оның демесуін Р. Әмір көп көрді. Оның үстіне А. Ысқақов алған бағыты анық, өз мақсатына берік, қайратты кісі екен. Р. Әмір оны ылғи да өзіне үлгі, өнеге тұтты.

Педагогикалық ғылымдар ғылыми-зерттеу институтында Р. Әмір ғалым ретінде шынықты, басқару жұмысына машықтанды, жұртшылыққа танылды: сектор меңгерді, директордың

ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары болып істеді. Ол мектептегі оқыту, тәрбие жұмысының мазмұнын, әдісін жетілдіру бағытындағы ғылыми-зерттеулерге басшылық етті, өзі де нақты ғылыми зерттеумен айналысты.

1957 жылы қазақ тілін оқытуды жақсарту мәселесіне арналған республикалық ғылыми-практикалық конференция өтті. Конференция қабылдаған ұсыныстардың мәні зор болды. Қазақ тілін оқытудың дәрежесін көтеру бағытында көптеген күрделі шаралар жүзеге асты: бағдарламалар, оқулықтар жаңа сапада қайта дайындалды, қазақ тілін оқытатын сағат саны көбейтіліп, методикалық базасы күшейтілді. Р. Әмір өз зерттеулеріне сүйеніп қазақ тілін қазақ, орыс мектептерінде оқытуға қатысты бағдарламалар дайындады, I-IV кластарға арнап М. Балақаевпен бірлесе отырып жаңа оқулықтар шығарды, методикалық құралдар дайындады, проблемалық мәселелерді көтерген мақалалар жазды.

Р. Әмір 1958 жылы орыс мектептерінің II-IV кластарына арнап шығарған «Қазақ тілі» оқулығы тілді үйретуді практикалық жолға қоюдың алғашқы үлгісі болды. Орыс мектептеріне арналған басқа класс оқулықтары да осы бағытпен жазылды. Р. Әмір конференция қойған міндеттерді орындауға күш салды.

1961 жылы Ташкенде ұлт мектептерінде орыс тілін оқытудың сапасын көтеру мәселесіне арналған Одақтық конференция болды. Р. Әмір осы конференцияда қазақ мектептерінде орыс тілін оқытуды жетілдіруге байланысты ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру жөнінде баяндама жасады. Баяндамада қазақ мектептерінде орыс тілін үйретуге, меңгертуге байланысты проблемалар санамаланды, сол проблемаларды шешуге байланысты ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағыты белгіленді.

1964-1974 жж. Р. Әмір Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтында ғылыми қызметкер болып істеді. Ғылыми жұмыспен қатар жауапты қоғам жұмыстары қоса атқарылды. Ол институттың профсоюз ұйымының председателі, партия ұйымының секретары болды.

Р.С. Әмірдің Тіл білімі институтының іргесінде жүріп атқарған ғылыми-творчестволық еңбегі жемісті болды. Ол екі томдық академиялық «Қазақ тілі грамматикасын» жазуға қатысты. «Тіл мәдениеті және баспасөз» атты республикалық конферен-

цияда баспасөз тіліндегі тенденциялар туралы баяндама жасады. Осы конференция белгілеген бағытпен сөйлеу мәдениетіне байланысты зерттеу ұйымдастырып еңбектер жариялады, солардың қатарында интеллектуалдық пен сөйлеу мәдениетінің қатысы жөніндегі мақаласы бар.

Р. Әмір ауызекі сөйлеу тілі мәселесін бірінші болып зерттеді, «Особенности синтаксиса казахской разговорной речи» деген монографиясын жарыққа шығарып, соның негізінде 1972 жылы докторлық диссертация қорғады. Зерттеу қазақ тілі синтаксис жүйесіндегі амалдарды (қайталау, шенеу, үндеу т.б.), тұлғаларды толық ашып, адекватты түрде танытты, түрлі коммуникативтік мақсаттарды өтеу механизмін ашып берді.

Докторлық диссертациясы автордың кейінгі творчестволық еңбектеріне де арқау болды, диссертацияның фактологиялық материалдары, теориялық тұжырымдамалары қазақ тіл білімінен нық орын алды.

1974-1979 жылдары Р. Әмір Қазақ мемлекеттік университетінде қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі, филология факультетінің деканы болып қызмет істеді.

Университетте төрт-бес жыл ғана істегенмен, факультет үшін бірқатар еңбек сіңірді, атап айтқанда, араб тілінен маман дайындауды жүзеге асырды.

Екіншіден, бүкіл Қазақстанда қазақ тілінен диссертация қорғататын Кеңес біреу ғана – Тіл білімі институтының жанынан құрылған еді. Р. Әмір 1977 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің жанынан қазақ және орыс тілі мамандығы бойынша кандидаттық диссертация қорғататын Кеңес ашты.

Кеңес қазақ, орыс тіл білімінен ғылыми кадрлар дайындауға зор үлес қосты. Орыс тіл біліміне байланысты диссертациялар Алматыда қорғалатын болды.

1979-1987 жылдары Р. Әмір Алматы шет ел тілдері педагогтік институтында ректор, әрі жалпы тіл білімі кафедрасының меңгерушісі болды.

Бұл жылдары институттың педагог кадрларының квалификациясын көтеру, материалдық базасын нығайту, оқу-методикалық ісін жетілдіру бағытында істеген жұмыстарының ізі әлі де көрініп тұр. Осы институтта істеген жылдары Р. Әмір «Құрмет белгісі» орденімен, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамота-

сымен марапатталды. Оның тәрбиесін көрген ғылым қайраткерлері бүгінде сол институттың басшылары болып қызмет істеп жүр.

«Шет ел тілдері педагогтік институтының педагогтік коллективі білікті, талапкер, талғампаз жұрт екен. Осы коллективте істеп мол өмірлік тәжірибеге ие болдым», - дейді Р. Әмір.

Қазақстан жұртшылығы шет тілдерін меңгеру мәдени, әлеуметтік, экономикалық даму перспективаларын ашады деп, шет ел тілдері мамандарын дайындауға көп мән беретін. Институттың нығайуына Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев ылғи да көмек беріп отырды. Бұл көрнекті тұлға жайлы Р. Әмір «Алысты көздеген адам» деген мақаласында («Егемен Қазақстан», 12.01.99) тебіреніп жазды.

«Жоғары оқу орнының ректоры деген қиын, жауапты қызметтің мән-жайын игеріп, төселуіме, дұрыс жолын тауып атқаруыма сол кездегі өмір тәжірибесі мол, парасатты министр Т. Қатаев, кейін осы орынға келген жоғары оқу орындарының ісін бес саусағындай білетін, жұмысқа қатаң талап қоятын министр К. Нәрібаев демеу болды», - дейді Р. Әмір.

Шет ел тілдері педагогтік институтында қызмет еткен жылдары Р. Әмір Алматы қаласы халық депутаттары советінің депутаты, Қазақстан Компартиясы Совет аудандық партия ұйымы пленумының мүшесі болып сайланды.

Шет ел тілдері педагогтік институт ректоры қызметін атқарып жүріп те Р. Әмір ғылыми-зерттеу жұмыстарынан қол үзген жоқ.

1980 жылы Ташкенде өткен Одақтық түркологиялық конференцияда «Особенности лексической и грамматической системы разговорной речи» деген тақырыпта, 1985 жылы Алматыда өткен Одақтық түркологиялық конференцияда «Этимологизация как средство комментирования текстов» атты баяндамалар жасады.

1985 жылы «Қазақ әдеби тілінің проблемалары» атты республикалық конференцияда «Ауызекі сөйлеу тілінің, фольклордың қазақ әдеби тілінің қалыптасуына әсері» деген баяндамасымен жұртшылық алдына шықты.

Осы жылдары Р. Әмір «Қазақстан – ГДР» қоғамы төрағасының орынбасары ретінде екі ел арасындағы достық қатынастарды нығайтуға үлес қосты.

Ол атқарған жұмыстардың басты мақсаты қазақ тілі мамандарын жаңа әлеуметтік, экономикалық жағдай талабына сай дайындау еді. Осы мақсатын нақтылау үшін Р. Әмір Алматыда өткен «Нарықтық экономика және білім беру» атты халықаралық ғылыми конференцияда (1993) «Языковой аспект рынка в подготовке специалистов» деген баяндама жасады. 1997 ж. «Жоғары мектеп мұғалімдері біліктілігін жетілдіру институты – профессионалдық және педагогтік шеберлікті көтерудің орталығы» деген республикалық конференцияда жасаған баяндамасының тақырыбы: «Филолог мұғалімдердің біліктілігін қалыптастыру жайында» еді.

1988-1991 жылдары Р. Әмір Ы. Алтынсарин атындағы педагогика ғылымдары ғылыми-зерттеу институтына қайта оралып, бас ғылыми қызметкер, бөлім меңгерушісі болып қызмет істеді. Бұл – мектепті реформалаудың тиімді жолдарын іздестірген қарбалас жылдар еді. Р. Әмір сол жұмыстың бел ортасында болды. Сол кезде қабылданған «Қазақ тілі пәнін қоғам, мектеп реформасына сай жетілдіру концепциясы», «Жалпы білім беретін қазақ орта мектебінің концепциясы», «Қазақ орта мектебіндегі білім мазмұнының тұжырымдамасы» деген белді құжаттарды дайындауға қатысты, қазақ тілі пәні бойынша жаңа бағдарламалар, оқу құралдарын жазды.

1992-жылдан бері өзіне айрықша ыстық, етене жақынындай болған Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінде қазақ филологиясы кафедрасының профессоры болып қызмет істеп жүр. Өзі жан-жақты зерттеген «Қазіргі қазақ тілі» курсынан лекция оқиды. Аталмыш пәннің өзі жүргізетін бөлігінің мазмұнын жаңартты, жаңа бағдарлама жасады, қызы Жанар Әміровамен бірігіп «Жай сөйлем синтаксисі» деген жаңа оқулық шығарды. «Тіл білімінің актуалды проблемалары», «Синтаксистің коммуникативтік аспектісі» деген арнаулы курстар бойынша лекция оқып жүр.

Р.С. Әмір ғылымның үш саласын қамтып: тіл білімі; педагогикалық ғылымдар; мектеп, ғылыми мекемелер үшін маман дайындау салаларында еңбекқорлықпен, ізденімпаздықпен еңбектенуде. Осы салалардың бәрінде Р. Әмір салған айқын із, тіл біліміне, педагогикалық ғылымға қосқан келелі үлесі бар. Оның зерттеу жұмыстарының теориялық тұжырымдамалары, қоры-

тындылары осы салаларда нық орын алды, академиялық жинақтарға енгізілді, орта мектеп, жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар жазылды, арнаулы курстарға, диссертациялық жұмыстарға тақырып болды. Еңбектері монографиялар түрінде жарияланды, кезінде Одаққа түгел тараған «Народы Азии и Африки», «Советская тюркология» журналдарында басылды, зерттеулерінің қорытындысы бүкілодақтық тюркологиялық конференцияларда баяндалды.

Р. Әмір қазақ тілі мен қазақ тілін оқыту методикасы мамандықтары бойынша дайындаған ғылым кандидаттары мұғалімдер жемісті еңбек етуде.

Бүгінде Р. Әмір Тіл білімі институты дайындаған қазақ тілі грамматикасының академиялық басылымына авторы ретінде қатысты және конкурстық негізде 9-сыныпқа арналған қазақ тілі оқулығын дайындап, баспаға ұсынды.

Р. Әмірдің балалары да өзімен қатар еңбек етіп жүр. Қызы Жанар Қазақ мемлекеттік университетінің доценті, ұлы Айдар облыстық мекемеде қызмет атқарады.

Р. Әмір ұзақ жылдар Жоғарғы аттестациялық комиссияның expertі болды, қазір Қазақ ұлттық университеті жанындағы филология ғылымдарының докторы дәрежесін беру жөніндегі ғылыми Кеңестің төрағасы.

Р. Әмір осылай ауқымды әрі жемісті еңбек етіп жүр.

Қай мерзімде, қай салада, қай жағдайда еңбек етсе де Р.С. Әмірге тән қасиет – жұмысын жауапкершілікпен, ізденімпаздықпен, үлкен қоғамдық мән беріп атқаратыны. Осы қасиет оған жастайынан сіңген, өмірлік серігіне айналған.

**Краткий очерк научной и общественной деятельности
доктора филологических наук, профессора
Р.С. Амира**

Амир Рахыш Сатулы родился 9 января 1930 года в ауле Жетитобе (ныне Аса) Жамбулского района Жамбулской области в семье сельского учителя.

Ауыл Жетитобе широко раскинулся в междуречье двух красивых рек – Таласа и Асы. С детства он полюбил этот благодатный край. После долгих бесед со старцами-аксакалами своего аула перед глазами впечатлительного мальчика как бы проходила живая история. Он заслушивался красотой и слогом старинных дастанов.

Так, красота родной природы, единство с простым народом, восхищение богатством казахского языка определили будущую жизнь и воспитали такие человеческие качества, которые помогли Рахышу преодолеть трудные испытания в будущем.

Его отец Сат в 1920-30-х гг. был инициатором открытия школ и детских домов в краев Аулиата и в связи с этим ему приходилось много разъезжать по всей области, бывать в г. Аулие-ата. Всегда вместе с ним был маленький Рахыш, так он близко узнавал родной край, его добрых и щедрых людей. Сат Амир был образованным для своего времени человеком: до революции он окончил русско-казахскую школу, в советское время – педтехникум в г. Шымкенте, затем учился в Среднеазиатском государственном университете в г. Ташкенте. Рано оставшись сиротой, он всему в жизни был обязан своей неуемной жажде знаний и человеколюбием.

Горькая память о собственном сиротстве обостряла отцовские чувства Сата, и поэтому он также много уделял внимания воспитанию сына, окружал его ласковой заботой. До сих пор хранит память сердца Рахыша названия книг, которые приносил сынишке отец из школьной библиотеки: «Казахские сказки», «Дед Мазай и зайцы» Н.А. Некрасова, «Коксерек» («Серый лютый») М. Ауэзова, «Борьба за огонь» Рони-старшего, «Юный бур из Трансвааля» и многие другие книги, любовно подобранные отцом.

В 1942 году Сат ушел на фронт и не вернулся.

Мать Рахыша Минасип – простая казахская женщина-труженица, всю свою жизнь посвятила своим сыновьям – Рахышу и Раису, так рано оставшимся сиротами. С самого детства в ушах Рахыша звенит щемящий душу мотив песни казахских вдов-солдаток.

Отрочество Рахыша Амира прошло в стенах Жамбульского городского педучилища, куда его привел в 1943 году зять Минасип Омирбек Батырбеков.

В педучилище в то время были сосредоточены квалифицированные кадры педагогов, известных в областном центре. Особенно запомнился преподаватель истории Юсупов, прививавший своим воспитанникам любовь к своему предмету. Здесь, в педучилище Рахыш получил первоначальные систематические знания по казахскому языку, приобщился к сокровищнице русской и казахской литературы. Закончив в 1946 году с отличием педучилище, Р. Амир поступил без экзамена на филологический факультет КазГУ.

Это был незабываемый год, год Победы, и молодежь, занявшая место на студенческой скамье в тот год, тоже была особая. Как бы принесенная ветром Победы – энергичная, жаждущая знаний, большого, настоящего дела.

Победа в Великой Отечественной войне подняла моральный дух народа, возросло его самоуважение и самосознание, чему способствовали публикация в газете «Правда» статьи Ильи Эренбурга «Казахи», выход в свет книги Александра Бека «Волоколамское шоссе», эпопея М.О. Ауэзова «Абай».

Эти знаменательные события объясняют тот особый эмоциональный подъем, с которым началась студенческая жизнь юного Рахыша. Пора студенчества прошла для Рахыша Амира осознанно, интересно: он не только был отличником учебы, но и много занимался общественной работой: был секретарем комсомольской организации курса, затем всего филологического факультета.

Теоретические знания, лингвистический интеллект студента Амира формировались в высокоинтеллектуальной среде университета, факультета.

Филологический факультет в послевоенное время был поистине центром филологической науки: в его аудиториях читали

лекции такие корифеи, как М.О. Ауэзов, А. Жубанов, С. Кенесбаев, Н. Сауранбаев, М. Балакаев. Зарубежную литературу преподавали известные московские ученые Блюменфельд и Фридман, по воле нелегкой судьбы с клеймом космополитов оказавшиеся в Алма-Ате. Они щедро делились своими огромными знаниями и культурой с благодарной казахской молодежью. С сердечной теплотой вспоминает Р.С. Амир своего первого научного руководителя Ибрагима Есенгуловича Маманова. Эрудированный преподаватель, человек открытой натуры, И. Маманов много внимания уделял научной работе со студентами. Он заметил способного первокурсника и предложил ему тему курсовой работы. Книжки, которые приносил из личной библиотеки И. Маманов, его консультации развили незаурядные способности юноши. Пример научного руководителя в конечном счете оказал решающее влияние на выбор Амиром лингвистики областью своих будущих научных интересов.

Быть учеником таких ярких и талантливых личностей, какими были М.О. Ауэзов, С. Кенесбаев, Н. Сауранбаев, М. Балакаев, И. Маманов, Блюменфельд, Ушаяков, Е. Смайлов, как считает Рахыш Амир, – это щедрый дар судьбы.

Еще одним подарком судьбы стала для него встреча на филологическом факультете со своей будущей супругой Сарой Миркасимовной Серикбаевой.

Начальным этапом формирования Р.С. Амира как ученого, языковеда стал период обучения в аспирантуре. Этот этап творческой биографии связан с именем научного руководителя, крупного ученого Маулена Балакаева.

В 1955 г. Р. Амир защитил кандидатскую диссертацию по теме «Союзы в казахском языке». Исследование молодого ученого было весьма актуальным для казахского языкознания, оно содержало ряд совершенно новых положений: была показана история возникновения союзов, особенности их функционирования, на основе которых выявлялась семантика сложных предложений.

Настойчивость, целеустремленность, умение преодолевать препятствия – эти черты характеризуют Р. Амира с молодости. Так, Амир был вынужден уйти с последнего курса аспирантуры, чтобы прокормить семью, мать. Он проработал год сель-

ском учителем, но за тот год он многому научился, опыт работы в школе был плодотворно реализован им в педагогической деятельности. Кандидатскую диссертацию Р. Амир защитил после возвращения из аула.

Защита диссертации проходила в Совете при КазГУ. В перерыве заседания к диссертанту подошел маститый ученый – Ахмеди Исаков и неожиданно предложил Амиру работать в НИИ педагогических наук при Министерстве образования КазССР.

Будучи директором, он повсюду искал способных, талантливых специалистов для института. А. Исаков не только оценил глубину знаний, эрудицию, энтузиазм молодого ученого, но и бескорыстно помог ему развиваться, реализовать себя в большой науке. А. Исаков – человек энергичный, смелый, быстро решил вопрос о трудоустройстве, представив Р. Амира как перспективного ученого и специалиста с опытом педагогической работы в школе заместителю министра образования А. Шарипову. Вскоре был подписан приказ, выдана денежная компенсация, оплачен проезд в Алма-Ату. Так неожиданно и счастливо начался новый этап в жизни Р.С. Амира, связанный с Институтом педагогических наук им. Алтынсарина.

В Институте педагогических наук Р. Амир приобрел опыт научно-педагогической и общественно-организационной работы: несколько лет он заведовал сектором, работал заместителем директора по научной работе.

Новое направление его научно-исследовательской деятельности было связано с содержанием и методикой работы в школе.

В 1957 году в Алма-Ате проходила научно-теоретическая конференция, посвященная преподаванию казахского языка в школах. Значение принятых резолюций этой конференции трудно переоценить. По итогам этой конференции был проведен целый ряд мероприятий: подготовлены новые программы, созданы учебники и учебные пособия, увеличено количество часов для преподавания казахского языка в школе и в вузе, усилилась методическая база преподавания казахского и русского языков.

Теоретико-методологические исследования Р. Амира легли в основу создания им учебников казахского языка для русских и казахских школ. В соавторстве с М. Балакаевым он опубликовал

новые учебники для I-IV классов, написал ряд статей, посвященных проблемным вопросам преподавания казахского языка. Подготовленный им в 1958 г. учебник для II-IV классов русской школы «Қазақ тілі» был первым образцом практического преподавания казахского языка.

В 1961 году в г. Ташкенте состоялась Всесоюзная конференция, посвященная совершенствованию обучения русского языка в национальных школах. На этой конференции Р. Амир выступил с проблемным докладом о преподавании русского языка в казахской школе. Он со знаниям дела изложил основные задачи, остановился на проблемах и перспективах преподавания русского языка в Казахстане.

С 1964 по 1974 гг. Р.С. Амир работает в качестве научного сотрудника в Институте языкознания АН КазССР. Научную деятельность он совмещает с ответственной общественной работой председателя профсоюзной организации и затем секретаря парторганизации института.

Творческая, научная работа Р.С. Амира в стенах Института языкознания протекала весьма плодотворно. В составе авторского коллектива он участвовал в написании первой академической «Грамматики казахского языка» в двух томах.

Большое место в научной деятельности Р. Амира этого периода занимали исследования по культуре речи. На Республиканской конференции в 1972 году он выступил с докладом «Культура речи и печать», в котором раскрывались основные тенденции в языке казахской печати. В ряде своих статей Р.С. Амир рассматривает проблемы интеллектуальной и речевой культуры.

Впервые в казахском языкознании Р.С. Амиром была поставлена и исследована проблема казахской устной речи. Исследования в этой области нашли отражение в монографическом труде «Особенности синтаксиса казахской разговорной речи». На основании монографии в 1972 г. была защищена докторская диссертация. В диссертационном исследовании была впервые изложена теория синтаксиса казахской разговорной речи, адекватно описан механизм реализации различных коммуникативных задач устной речи на уровне синтаксических единиц.

Докторская диссертация Р.С. Амира послужила основой для

многих творческих работ, теоретические результаты и фактологический материал диссертации заняли прочное место в казахском языкознании.

1975-1979 гг. Р. Амир работает в Казахском государственном университете в должности заведующего кафедрой казахского языка и декана филологического факультета.

За пять лет работы в университете он многое сделал для укрепления и расширения базы филологического факультета, для подготовки высококвалифицированных специалистов. Рахыш Сатович был инициатором и организатором открытия отделения арабского языка, которое затем отделилось как самостоятельный факультет.

С 1977 года при КазГУ начал функционировать созданный им диссертационный совет по защите кандидатских диссертаций по двум специальностям – «Казахский язык» и «Русский язык». Десятки соискателей получили возможность защищать кандидатские диссертации по специальности «Русский язык» в Алма-Ате.

В 1979-1987 гг. Р.С. Амир – ректор Алма-Атинского педагогического института иностранных языков и заведующий кафедрой общего языкознания.

Результаты его многосторонней научно-педагогической и организаторской деятельности по повышению квалификации научных и педагогических кадров, развитию материальной базы института, совершенствованию учебно-методической работы сохраняют свое значение и до настоящего времени.

За свою активную научно-организационную деятельность на посту ректора АПИИЯ Амир Р.С. был удостоен ордена «Знак Почета», грамоты Верховного Совета КазССР.

Для Р.С. Амира всегда были важны забота о людях, внимание к их проблемам. Многие из тех, кому помог Рахыш Сатович, стали крупными деятелями науки и провещения. «В Университете мировых языков работают знающие, ищущие, талантливые специалисты. Там я приобрел неоценимый жизненный опыт», - считает Р. Амир.

Казахстанская общественность придавала большое значение подготовке специалистов по иностранным языкам, связывая с этим перспективы культурного, экономического и обществен-

ного развития. Динмухамед Ахметович Кунаев всегда оказывал помощь Института иностранных языков. Об этом Р.С. Амир написал статью «Алысты кездеген адам» («Егемен Қазақстан», 12.01.1999).

Работа ректора высшего учебного заведения очень сложная, требующая большой ответственности, знания ее специфики.

Огромную помощь в этой работе оказал работавший в то время министром высшего образования Т. Катаев, человек широко образованный, с богатым жизненным опытом, а также пришедший на этот пост, глубоко знающий все тонкости высшего образования, строгий и требовательный к работе министр, д.э.н. К. Нарibaев.

За годы работы ректором Института иностранных языков Р. Амир избирался депутатом Алма-Атинского городского Совета народных депутатов, членом Пленума парторганизации Советского района КП Казахстана. При всей загруженности общественной и организаторской работой Амир Р.С. Продолжал свою научно-исследовательскую деятельность.

В 1976 г. Р. Амир выступил с докладом на тему: «Особенности лексической и грамматической системы разговорной речи» на Всесоюзной тюркологической конференции в г. Ташкенте. В 1985 г. на Всесоюзной тюркологической конференции в г. Алма-Ате он сделал доклад "Этимологизация как средство комментирования текстов». В 1986 году он выступил с докладом «Влияние разговорной речи и фольклора на литературный язык» на Республиканской конференции «Проблемы казахского литературного языка».

В эти годы Р. Амир принимает активное участие в укреплении дружбы и сотрудничества между Казахстаном и ГДР в качестве заместителя председателя международного общества «Казахстан-ГДР».

В 1988-1991 гг. Р.С. Амир получил возможность работать главным научным сотрудником, заведующим сектором Института педагогических наук им. И. Алтынсарина. Это был сложный период поисков путей реформирования школьного образования. Р. Амир оказался в самом центре этого процесса. Он непосредственно участвовал в качестве одного из авторов таких важных для общества документов, как «Концепция казахской общеобразова-

зовательной школы» (1989 г.). Им были написаны новые программы и учебники по дисциплине «Казахский язык».

